



Qarqaraly

Газет 1930 жылдың 7 қарашасынан шығады

15 маусым 2024 жыл Сенбі №24 (11 974)

<https://qarqaralygazeti.kz>

www.facebook.com/qarqaralygazeti/

[qarqaraly_gazeti](https://www.instagram.com/qarqaraly_gazeti)

karkaraly_too@mail.ru

Әкім есебі

Есептік кездесулер басталды

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 3 наурыздағы "Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы" №826 Жарлығына сәйкес, жергілікті әкімдердің 2024 жылғы жартыжылдықтағы халықпен есепті кездесулері басталды.

Есепті кездесулерге аудан әкімі Ә.Арғынов, аудандық мәслихат төрағасы С.Оспанов және бірқатар аудандық бөлім басшылары қатысуда.

Алғашқы кездесулер 11 маусым күні Мәди, Тәттімбет, Н.Нұрмақов және Абай ауылдық округтерінде басталып, 12 маусым күні Қоянды, М.Мамыраев және Қырғыз ауылдық округтерінде жалғасын тапты. Ал 13 маусымда есепті кездесулер Тегішілдік, Қаршығалы және Қ.Аманжолов ауылдық округтерінде өтті.

Кездесу барысында ауылдық округ әкімдері есепті баяндама



жасап, атқарылып жатқан жұмыстар мен алда тұрған жоспарларымен бөлісті.

Бұдан кейін, тұрғындар өз сауал-өтініштерін жолдап, құзырлы сала жетекшілерімен бірге округтердегі мәселелер бірлесе талқыланды. Оның ішінде интернет, жол, ауыз су, ден-

саулық, білім, ветеринария, электр желісі, экология және тағы басқа да мәселелерге қатысты түйткілді сұрақтар көтеріліп, аудан әкімі және жауапты мекеме басшылары тарапынан жауаптар берілді.

Аудан басшысы кездесулерде көтерілген сұрақтардың сапалы

шешімін қарастыру және жоспарлы жұмыстарды жүйелі жалғастыру бойынша округ әкімдері мен бөлім басшыларына бірқатар тапсырма берді.

«Қарқаралы ауданының әкім аппараты» ММ

Құрметті аудан тұрғындары!

Баршаңызды мұсылман қауымының ұлық мерекесі – Құрбан айт мерекесімен құттықтаймыз! Асыл дініміз адамзатты береке-бірлікке, мейірім-шапағатқа, бауырмалдық пен жанашырлыққа шақырады. Адамдардың өзара ымырасы мен келісімін бекітетін, өмірімізге мейірімділік шуағын төгетін, мұқтаж жандарға көмек пен қолдау көрсетілетін маңызды мерекенің бірі де бірегейі – Құрбан айт мерекесі.

Жыл айналып осы мерекеге жеткен адамға өмірдің осы кезеңіне аман-есен жеткені үшін шүкіршілік қылып, жаратқанға жағымды амалдар мен ізгілікті істер жасауға, сол арқылы жаны мен жүрегің, ниетін тазалауға, тіршіліктегі болмыс-келбетін өнегелі істерімен нұрландыруға мүмкіндік беріледі. Яғни, бұл мереке қоғамды ізгілендіруге, береке-ынтымақты нығайтуға, мұқтаж жандарға көңіл бөлуге, ағайын арасындағы татулықты бекітуге үлкен септігін тиігізеді.

Ежелден осы мерекені қуанышпен қарсы алған халқымыз, құрбандығын шалып, дастарханын жайып, ағайын-туыс, көрші-қолаңын аралап, бір-біріне жылы сөз айтып, өкпе-реніштерін кешіріскен. Сол бір үлгілі үрдіс, шырайлы қалып бүгінгі өмірімізде де жалғасып, еліміздің бірлігі мен тұтастығын паш етуде.

Ардақты ағайын, айттарыңыз қабыл болсын, ізгі тілек, асыл армандарыңыз орындалсын! Жаратқан иеміз жасаған ғибадаттарыңызды қабыл алып, өліміз бен жерімізге тыныштық пен тұрақтылық, бақ-дәулет пен өркендеуді нәсіп етсін!

Әділжан АРҒЫНОВ,
Қарқаралы ауданының әкімі
Саят ОСПАНОВ,
Қарқаралы ауданының мәслихат төрағасы

Тұлға

Суретші Кәріпбек Күйіков Қазақстанның ізгі ниет елшісі атанды

Белгілі қарағандылық суретші және халықаралық антиядролық қозғалыстың бөлсендісі Кәріпбек Күйіков "Қазақстанның ізгі ниет елшісі" мәртебесіне ие болды. Жерлесімізді және елдің тағы жеті көрнекті қайраткерін бейбітшілік, достық және ынтымақтастық елшілері етіп сайлады.

Дарынды және әлемге танымал суретші Кәріпбек Күйіков 55 жаста. Семей ядролық полигондағы сынақтар кезінде оның ата-анасы радиациялық сәулеленуге ұшырап, нәтижесінде қолсыз дүниеге келген. Қиын тағдырына қарамастан, Кәріпбек ерні мен бақайларының көмегімен ерекше суреттер салады, бүкіл саналы өмірінде ядролық қарусыз әлем үшін күресіп келеді.

– Қазақстанның ізгі ниет елшісі болу – мен үшін зор мәртебе. Сонымен бірге, бұл үлкен жауапкершілік, өйткені біздің тарихымызды әлемге көрсету, өнер мен мәдениетпен таныстыру, біз қандай игіліктерге ұмтылатынымызды айту




міндеті тұр. Мысалы, мен мұны суреттерім арқылы жеткіземін. Әрдайым айтамын және тағы қайталаймын: мен ядролық қарудан алғашқылардың бірі болып бас тартқан елде өмір сүргенімді мақтан тұтамын, – дейді Кәріпбек Күйіков. – Бұл менің жұмысымның басты тақырыбы болып табылады

және солай қалады, сондай-ақ өз суреттеріммен экология туралы ойлануға шақырғым келеді. Өрине, мен осы құндылықтардың барлығын жиі кездесетін жас ұрпаққа жеткіземін.

"Қазақстанның ізгі ниет елшілері" жобасы Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асырылып, мәдениеттер мен

халықтар арасындағы диалогты дамытуға, сондай-ақ елдің танымалдылығын арттыруға және оның жетістіктерін шетелде танымал етуге бағытталған. Жобаны іске қосу Астанадағы ҚР Сыртқы істер министрлігінде өтті.

Қарағанды облысының әкімдігінің баспасөз қызметі



Құрметті медицина қызметкерлері және денсаулық саласының ардагерлері!

Сіздерді медицина қызметкерлерінің кәсіби мерекесімен құттықтаймыз!

Мемлекетімізде маусым айының үшінші жексенбісі – денсаулық саласы қызметкерлері күні ретінде белгілі. Бұл мерекеде адам жанының арасашысы, ақ халатты абзал жандар қадір мен құрметке бөленеді. Шынымен, әр адам басы ауырып, балтыры сыздаса, ең алдымен жүгінетіні де Сіздерсіздер, ардақты жандар! Сіздердің қалтқысыз қызметтеріңіз бен уақытпен санаспай атқарған елеулі еңбектеріңіздің нәтижесінде, аудан халқына сапалы қызмет көрсету, науқастарға қажетті ем-шара жасау, дертіне шипа іздеген жандарға қажетті дәрігерлік көмек беру талапқа сай жүргізіліп келеді. Ауданымыздың ауылдарында заманауи медициналық нысандар ашылып, денсаулық саласын нығайту жұмысы алға басуда. Біз бұл міндетті жоспарлы түрде жалғастыратын боламыз.

Қадірлі ардагерлер! Сіздердің де осы салада атқарып кеткен орасан зор еңбектеріңізді әркезде жоғары бағалаймыз. Сіздердің ерен еңбек, мол тәжірибелеріңіз кейінгі жас буын дәрігерлерге үлкен үлгі-өнеге екені сөзсіз. Жылма-жыл жас мамандармен толығып, материалдық-техникалық базасы нығайып келе жатқан аудандық аурухананың қызметі өңір халқының денсаулығын арттыруға барынша қызмет ете бермек.

Баршаңызды кәсіби мерекемен құттықтай отырып, бақытты да баянды өмір, еңбекте толайым табыстар тілейміз. Халықтың алғысына бөленіп, тек биіктен көріне беріңіздер!

Әділжан АРҒЫНОВ,
Қарқаралы ауданының әкімі
Саят ОСПАНОВ,
Қарқаралы ауданының мәслихат төрағасы

Qarqaraly

Аудандық қоғамдық-саяси газет

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

2024 жылдың екінші жартыжылдығына арналған «Қарқаралы» аудандық газетіне жазылу науқаны жалғасуда.

Жеке тұлғалар үшін Индекс: 65626. 6 айға: 2257,26 теңге. Заңды тұлғалар үшін Индекс: 15626. 6 айға: 3157,26 теңге. Зейнеткерлер мен 1, 2 топ мүгедектер үшін Индекс: 55626. 6 айға: 1957,26 теңге.

Газетке жазылуды «Казпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде ресімдеуге болады. 87755483523 нөмірі арқылы жазылуға болады.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН,

«Қарқаралы» газетімен бірге болыңыздар!

16 маусым – Медицина қызметкерлері күні

Адамдар денсаулығы – алдыңғы міндет

Тәттімбет ауылдық округінің орталығы Ақтасты аулы Қу тауының терістік бетіндегі ең іргелі мекен. Сондықтан, орта мектеп, Мәдениет үйі, т.б. халыққа қызмет көрсету мекемелері мұнда жақсы сақталған. 1950 жылдардың соңында салынған шаруашылық кеңсесі, машина-трактор шеберханасы, аурухана ғимараттары да тұр және күні бүгінге дейін тұрғындардың игілігіне қызмет жасауда. Өйткені, мұндағы адамдар да тұрақты. Айталық, осындағы дәрігерлік амбулаторияда 1990 жылдан бері Дулат Көрейбайұлы Күзеуов дәрігер әрі меңгеруші болып қызмет жасап келеді.



Өзекті мәселе

Ұлт көсемі Әлихан Бөкейхан қазақтың мал шаруашылығына қатысты мақаласының бірінде: «Қазақ жері – мал кіндігі, мұнда бұрын қай жұрт жүрсе де мал баққан», – деп тұжырым жасайды. Дені далалық алқапты құрайтын зор кеңістікте металлургия да, егіншілік те, қол өнері де болғаны күмәнсіз, бірақ мұнда мекендеген халықтың басым бөлігі көшпелі мал шаруашылығымен айналысқанын тарих деректері айқындап отыр.

Әрине, мал өсірген адамдар оның шығыны барынша аз, беретін пайдасы – еті, сүті, майы барынша көп, терісі, жүні мен қылы сапалы, мол болуын қалайды. Бұл үшін мал тұқымын асылдандыру қажет. Ол – малдың тұқымдық сапасын жақсартуға, өнімділігін арттыруға бағытталған шаралардың біртұтас жүйесі. Ол малды зоотехникалық тұрғыдан бағалау, тиімді қасиеттеріне қарай таңдау, сұрыптау, жұптау, төлді дұрыс өсіру сияқты негізгі жұмыстардан тұрады.

Малдың тұқымын жақсарту қағидалары оның биологиялық және генетикалық жетістіктеріне негізделеді. Мемлекеттік деңгейде мал тұқымын асылдандырумен арнайы осы мақсатқа маманданған зауыттар, станциялар мен шаруашылықтар айналысады. Мал тұқымын асылдандыруға бағытталған мемлекеттік шаралардың алғы шарты – тұқымдық мал көрмесін ұйымдастыру және мал тұқымдарын әр түрлі аймақтар мен облыстар бойынша аудандастыру болып табылады.

Мал тұқымдарын аудандастыруды жүзеге асырғанда төмендегі қағидалар басшылыққа алынады: 1) халық шаруашылығына жаңа тұқымның қажеттілігі; 2) мал тұқымының биологиялық және өнімділік ерекшеліктері; 3) аймақтың табиғи-климаттық және экономикалық жағдайы.

Өзге тұқымдарға араластырмай, таза күйінде өсірілген малдың бағалы қасиеттері сақталады. Мал тұқымын асылдандыру барысында аса бағалы асыл тұқымды мал алынып, белгілі бір тұқымдық топқа жатқызылады. Тұқымдық мал зауыттарында, станцияларында жаңа желілер, аналық уялар, жаңа тұқымдар шығарылады. Мал тұқымын асылдандыру жұмысында, мұнымен қатар, шағылыстыру, будандастыру әдістері кеңінен қолданылады.

Иә, бұл – ғылыми қағидаларға негізделген бүгінгі көзқарас. «Бұрынғы қазақтар шаруашылықпен қалай айналысты? Олар мал тұқымын асылдандыру ісін білді ме?» – деген сауал туындайды еріксіз. Бұған «Иә!» деп сеніммен жауап беруге болады. Ұрпағының қан тазалығын ойлап жеті атаға дейін қыз алыспаған қазақтар бағып отырған малы мен одан алынатын өнімдер сапалы болуы үшін төрт түлігінің тұқымын дүркін-дүркін ауыстырып, жақсарту үшін барлық мүмкіндікті пайдаланғаны күмәнсіз. Сөзіміз дәлелді болуы үшін орыс отарлығы енді ғана қанат жая бастаған кезде Орта жүз қазақтарының арасында болған И.Заволишин есімді адамның жазбасын келтірейік: «Қазақ малы орыс малынан ірірек, оның еті нәрілі де дәмді. Қазақтың өгізі 10 пұт ет берсе, орыс өгізі 5 пұт қана ет береді» деп жазған екен ол. Осы уақыттары қазақ даласында өсірілген малдан алынған май Лондон биржасында Дания мен Жаңа Зеландияда өндірілген майды ығыстырып шығарғаны көрсетіліпті «Сибирские ведомости» газетінде

Мал тұқымын асылдандырудың маңызы зор



жарияланған бір мақалада.

Ұлт көсемі Әлихан Бөкейхан жан-жақты білімді адам болғаны, әсіресе экономика тақырыбында өз тұстарында бір иық асып тұрғаны күмәнсіз. Айталық, ол қазақ шаруашылығында жетекші орын алатын қойдың өнімдері мен түліктің ерекшеліктері туралы жаза келіп: «Қазақ қойы бұл жануар туралы айтылатын ғайбат сөздерге лайық емес. Қазақ қойының кеңістікте өзін еркін сезінуге мүмкіндік беретін ғажап ес-жады бар. Мәселен, жас қозы жаңа жайылым іздеп 10-15 шақырым ұзап, шыққан жеріне оңай-ақ оралады. Өкі қойлар күзгі және қысқы жайылымдардағы құнарлы оты бар жерлерді жақсы айыра біледі, бұл ретте малшылар қалың қарлы қыста қойдың тапқырлығына сүйеніп қардан аршып алатын жайылымдарды анықтайды», – деп түйіндейді ойын.

Дегенмен, Ресей империясының отарлық құрсауы күшейген кезде мал тұқымдары азия дааза бастағаны байқалады. Себебі, қазақтың құнарлы жерлерін орыс билігі келімсек қарашекпендерге тартып алып бергендіктен, мал жайылымы кеміді. Жергілікті халықтың қалыптасқан қарым-қатынасына шектеу қойылды. Тіпті, адамдардың тұрғылықты уезінің шегінен шығуына тыйым салынды. Ең даладағы еркіндікте өсіп-өнген халық пен оның малына бұл ашық жасалған зорлық еді. Сондықтан, тағы да сол Әлихан Бөкейхан қазақтың ауыл-шаруашылығын өркендету ісіне Еуропадағы Англия, Швейцария, Дания

елдерінің, тіпті, мұхиттың арғы бетіндегі АҚШ, Аустралия мемлекеттерінің тәжірибелерінен үлгі алуға шақырды. Әлемдік рыноктан шет қалмауы үшін қазақ баласы төрт түлігін асылдандыруы керектігіне ерекше назар аударды. Ол ұсынған деректерге қарағанда, I дүниежүзілік соғыс жүріп жатқан 1915 жылы қазақ сиырының еті 10 пұт 21 қадақ тартқан болса, Германиядағы неміс сиырының еті 2 есе артық - 17-18 пұт салмақ тартқан. Өлекеңнің пікірінше, бұл қазақ пен неміс мәдениеттерінің деңгейін көрсетеді. Әлихан Бөкейхан: «Енді заман өзгерді. Базарда [нарықта] бағаланғаны пұл болады. Қазына басы көпке байлаулы емес, базарда ақша болатынға байлаулы. Енді жарыстан қалмайын десең, мал сүйегін асылда», – деген тұжырымға тоқталады.

Әрине, мал тұқымы қазақ даласының барлық жерінде азып кеткен жоқ. Алды-артын, ұрпағының, ұлтының болашағын ойлайтын есті азаматтар малын асылдандыруға ден қойды. Соның бірі – ұзақ жылдар Ку болысын басқарған, Алаш үкіметіне тілеулес болған әйгілі Қасен Ақайұлы. Кейбір авторлар оның дәулетін сипаттағанда жылқысының саны 17-20 мың болыпты дегендей асыра сілтеп жібереді. Қудың төңірегінде осыншама мал сиятындай жер жоқ. Таяуда ғана қайтыс болған өлкетанушы Ю.Поповтың деректеріне сүйенсек, Қасеннің жеті қыстауының әрқайсында 300-400 бас көлемінде жылқы, 400-500 бас қой болған екен. Сиыр саны бұлардан әлдеқайда аз.

Сонда, барлық жылқысының саны 2500-3000 аралығында ғана. Иә, бұл да аз дәулет емес, бірақ әлдебіреулер айтатын 17-20 мыңның жанында түкке тұрмайды. Қасен атамның азын көп етіп отырғаны – малының тұқымын асылдандыруға ден қойғаны. Қолымызға түскен мәліметтерге қарағанда, Ақайдың Қасені қазақ даласына жеткен жаңа өзгерістердің ешқайсынан кем қалмаған.

Үкімет ауысқан, шаруаның мал-мүлкін тәркілеген, қазақ даласын аштық нәубеті жайлаған, оған ілесе саяси қуғын-сүргін, II дүниежүзілік соғыс қасіреті келген кезеңде халықтың мал тұқымын асылдандыруды ойлауға шамасы да жетпегені хақ. Дегенмен, осы мәселені күн тәртібіне қойып, тіпті мал тұқымын асылдандыру бағытында нақты іс тындырған тұлғалар да болыпты. Соның бірі – Кәрім Мыңбаев. Ақадем Кіші Жоспарлау комитеті төрағасының орынбасары, ВАСХНИЛ-дың Шығыс бөлімшесі Басқармасының төраға болып қызмет атқарған кезде бірнеше мал тұқымын асылдандыру құрымы құрып, қазақ малының сапасын жақсарту, өнімділігін арттыру ісіне ден қойған екен. Биолог ғалым болғандықтан, К.Мыңбаев сүйегі ірі, еті мен сүті, т.б. өнімдері мол еуропалық мал тұқымдарына қызықпай, климаттық жағдайы қазақ жеріне өте ұқсас, жылдам жерініп кететін Моңғолия, Қытайдың Шығыс Түркістан аумағында өсіп-өнген түліктердің түрлерін алдырыпты.

Келмеске кеткен кеңес билігі дәуірінде

Қазақстанда асыл тұқымды мал өсіретін ондаған совхоздар болғаны белгілі. Оларда, шын мәнінде, өте құнды мал тұқымдары өсірілді. Айталық, Оңтүстік Қазақстан облысының «Задария» асыл тұқымды қой совхозының директоры болып қызмет атқарған Боранбек Шүкірбеков II дүниежүзілік соғыс жылдарында төрт қаракөл терісіне АҚШ бір танкі бергенін нақты шындық деп айтқаны есімізде. Өкініштісі, еліміз енді ғана тәуелсіздік алдық деп эйфорияда жүргенде мемлекеттің байлығын талан-таража салған алаяқтардың салдарынан олардың бәрі құрдымға кетті. Әсіресе халқымыздың ежелгі ырысы қой түлігі қатты зардап шекті. Қазақтың биязы жүнді арқар-меринос, қаракөл, қылшық жүнді құйрықты қой тұқымдары жойылып кетуге таяды. Аймақтың ауыл шаруашылығына еңбегі сіңген ардагер, ғалым ағамыз Мыңжасар Әдекенов бұрынғы «Бақты» совхозы өсірген еділбай тұқымды қой тұқымын сақтап қалу керекін көз жұмылғанша айтып кеткеніне күміз. Бірақ, қоғам игілігін жеке басының жолына құрбан еткен «сарабал саясат» дәуірінде асыл тұқымды малдың көбінен айрылып қалдық. Тіпті, түліктің өзі де азайып барады. Мысалы, қазақ даласына аралап, сын айтқан Асан Қайғы бабамыз «Қойдың құлағы көрініп тұр екен» деп баға берген Айрық, Арқалық өңірінде қазір ақтылы түлікті өрбітіп отырғандар некен-саяқ. Кезінде осы жердегі өрбіт совхоздан 40-50 мың (қозысымен 75-80 мың) бас қой өріп шығатын еді ғой. Мұны қалпына келтіруге бола ма? Әрине! Тек мемлекеттің ауыл шаруашылығына, соның ішінде мал шаруашылығына деген көзқарасы дұрыс болуы керек. Әсіресе, қойдың жүні мен терісін ұқсату ісін қолға алатын уақыт болды. Кеңес дәуірінде алтынға бағаланатын осынау шикізат қазір ешкімге керексіз болып далада шіріп жатыр.

Осынша таусылып айтуымызға облыста ауыл экономикасының, соның ішінде мал шаруашылығын дамыту үшін бірнеше инвестициялық жоба қолға алынғаны туралы ақпараттың жарық көргені себеп болды. Мемлекеттің ауыл шаруашылығына көңіл бөлгені қуантады. Бірақ, еті-сүті мол деген желеумен еуропалық мал тұқымын өсіруге басымдық бергені сақтандырады. Иә, Батыс елдерінің технологиясы мықты, олар өз жеріне лайықты мал тұқымын өсіріп шығарды және одан мол өнім алып отыр. Бірақ, егін шаруашылығы ғана емес, мал жайылымының өзі табиғат құбылысына тәуелді, қысы суық, жазы ыстық Қазақстан жағдайына ол малдың тұқымы тәзімді ме, жоқ па деген сауал ашық қалып отыр. Суармалы егістігі мол, ауа райы жұмсақ Еуропадан миллиондаған қаржыға сатып келген мал табынымен қырылып қалған мысал сан рет болды. Осыдан биліктің сабақ алатын кезі де жетті. Сондықтан, халықтың қаржысын жұмсар алдында биліктегілердің оң ойланып, жүз толғанып шешім қабылдауы керек болар.

Бірақ, қандай жағдайда да мал тұқымын асылдандыру керек. Бұл – ұлт мүддесі үшін қажетті маңызды мәселе.

Е.БАЛТАШҰЛЫ

Гүлденсе ауыл – гүлденеміз бәріміз!

Өткен ғасырдың соңғы онжылдығындағы рухани, экономикалық және әлеуметтік тоқырау тұсында қатты шашылып, шаршап қалған ауыл округтары қатарына жататын еді Мәди есімін иеленген өңір. Тіпті, бұл өңірдегі елді мекендер құлдырай берсе, Тәттімбет ауыл округіне қайта қосып жіберу керек деген де сөз шыға бастаған-ды. Өйткеннен, соңғы жылдары бұл өңірде жақсы серпіліс бар. Қарқаралы ауданындағы ең шалғай ауылдар қатарына жатқанына қарамастан, тұрғындар тұрақталып, заманауи өркениет игіліктері бұл жаққа да келе бастады.

Атап айтқанда, соңғы екі жылда округ орталығы Айрық пен Едірей ауылдарында көше шамдары орнатылды. Қазір бұл елді мекендер қысы-жазы самаладай жарқырап тұрады. Айрықтағы электр қуатын реттегіш (КТП) жаңа құрылғыға ауыстырылды.

Бұқаралық спортты дамыту мақсатымен Айрық аулында футбол, шағын спорт алаңдары және балалар ойнайтын алаңқай салынды. Тоқырау жылдары жабылып қалған мектеп қайтадан ашылып, қазіргі таңда бастауыш білім беретін мекеме санатында жұмыс істеп тұр.



Оқушылар қатары артса, орташа білім беретін мектепке айналу

дәмелі. Оны болашақ көрсетеді. Мектеп пен клуб үйлерінің жылу

жүйелері ауыстырылыпты.

Қазіргі таңда ауылдың негізгі

мәселесінің бірі – жол. Осынау күрделі шаруа Мәди ауыл округінің тұрғындары үшін сәтті шешіледі деген үміт бар. Себебі, бұрынғы аудан орталығы Егіндібулақ пен Айрық аулының тұрғындары әлемнің асфальт төселсе бастады. Әзірше, 7 километр ғана бітіп тұр. Сондай-ақ, мед пункт үйінің құрылысы да осы жылдың мамыр айының аяғында басталып кетті.

Шалғайдағы ауыл тұрғындары үшін үлкен қуаныш – интернет желісіне қосылуы. Осының нәтижесінде Айрық аулының тұрғындары әлемнің түкпір-түкпірінде қандай оқиғалар, жаңалықтар болып жатқанын сол сәтінде білім отыратын мүмкіндікке ие болды. Едірейді ғаламтор жүйесіне қосуды биылғы жылға жоспарлапты ауыл округінің басшылығы. Айтпақшы, Едірей аулында да балалардың ойын алаңы жұмыс істеп тұр.

Үй басы құдығы бар болғанымен суы ащы Айрыққа алдағы екі жылда таза ауыз су тарту үшін тиісті құжаттар әзірленіп, даярлық жұмыстары жүргізіліп жатқан көрінеді. Ал Едірейге модульдық таза су қондырғысын орнату 2025 жылғы жоспарланыпты.

Мәди ауыл округіндегі тағы бір құптарлық шаруа елді мекендерге

ағаш отырығызылып, абаттандырылып, жылдар бойы қордаланған құл-қоқыстардан тазартылуы десек, бұл істі ұйымдастырып жүрген әкімшілік қызметкерлеріне алғыстан басқа айтарымыз жоқ.

– Ең бастысы, ауыл адамдарында келешекке деген зор үміт, ерекше құштарлық бар. Жаңа жыл, Әйелдердің халықаралық күні, Наурыз мерекесі, Қазақстан халықтарының ынтымақ күні, Балаларды қорғаудың халықаралық күні, Конституция күні, Білім мерекесі, Республика күні, Тәуелсіздік күні, жалпы мереке атаулының бәрі зор қуанышпен тойланады. Ауыл округіндегі 26 шаруа қожалығы ғана емес, қатардағы азаматтардың бәрі де демеуші болып қатысады. Мені бәрінен де ауылдастарымың пейілі мен ықыласы риза қылады, – дейді ауылдық округ әкімі Бек-Арыс Оралбайұлы Райым.

Алыстағы ауылдарда ауыз толтырып айтарлық осындай жұмыстар атқарылып жатқанына біз де марқайып қалдық.

СУПЕТТЕ: Айрық пен Едірей ауылдарында соңғы екі жылда пайдалануға берілген нысандар.

Өз тілімізден

Адамдар денсаулығы – алдыңғы міндет

(Соңы. Басы 1-бетте).

Медицина қызметкерлері күні қарсаңында осы азаматпен тілдесіп, ауыл адамдарына дәрігерлік қызмет көрсетудің қазіргі таңдағы жағдайы туралы бірер сұрақ қоюдың сәті түсті.

– Арқалық – менің туған жерім – дейді Дулат Керейбайұлы – сондықтан осы жерде тұрақтап қалдым. Адамдардың бәрі таныс, туған-туыс, ата-анамызбен араласқан орта. Қалалық өлшеммен шағын ауылға саналғанымен, Арқалық бұл ортада ірі ауылға саналады. Мысалы, осы дәрігерлік амбулатория Тәттімбетке қоса, Мәди, Абай, Нұрмақов ауыл округтерінің тұрғындарына медициналық қызмет көрсетеді. Өткен ғасырдың соңында басталған урбанизацияның салдарынан адамдардың көпшілігі өнеркәсіпті қалалар мен орталықтарға қоныс аударып, ауылдарда көшуге жағдайы келмеген, немесе атамекенді қимағандар ғана қалды. Қазір мен қызмет көрсететін төрт ауылдық округте 1100-дей ғана адам бар.

Уақыттың ағымына, заманның құбылуына қарай аурудың түрлері де өзгеріп, түрлінен отырады екен. Айталық, өткен ғасырдың ортасынан ағанда бұл өңірде өкпе аурулары басым болса, қазір қант диабеті, буын аурулары, қан қысымы сияқты науқастар жиі кездесетін болыпты.

– Мен қызметімді бастаған кезде қант диабеті сырқаты бар екі-үш-ақ адам бар еді



есепте, қазір осы науқасқа ұшырағандардың саны отыздан асты. Сондай-ақ, жасы елуден асқан адамдардың біразы тізесін бүгіп, жаза алмайтын буын ауруларына ұшырайтын болды, – дейді Дулат Күзеуов.

Бір жақсы жері қазір дәрігерлік, фельдшерлік амбулаторияларды дәрі-дәрмек, құрал-жабдықпен қамтамасыз ету жолға қойылған екен. Тәттімбет ауыл округіндегі дәрігерлік амбулаторияға қарасты үш округте «Жедел жәрдем» көлігі бар екен. Тек, Мәди ауылдық округінде қарастырылмапты. Ол Тәттімбет ауыл округіне таяу орналасқандықтан, осындағы «Жедел жәрдем» машинасы ол өңірге де қызмет көрсетеді екен.

Ауыл округтерінің бәрінде фельдшерлік амбулаториялар жұмыс істейтін көрінеді. Мәди ауыл округінде бұл мекеме

құрылысы жоспарға сай жүріп жатса, Нұрмақов ауыл округінде әлдебір себептермен басталмапты. Бірақ, әкімшілік кеңсесіндегі пункт жұмыс істеп тұр екен.

– Қазіргі таңда ауыл да қаладағы жағдайға жақындады. Дәрі-дәрмек, құрал-жабдық бір көзден келеді. Ең бастысы – жақсы маман болса, шешілмейтін мәселе жоқ. Осыған дейін үлкен мәселе интернетке қосылу еді, таяу уақытта ол да қалыпқа келеді деген ақпарат алдық. Адамдар денсаулығын қорғау – ең басты, кезек күттірмейтін міндет, – дейді Дулат Керейбайұлы.

Қазіргі ауыл медицинасының жағдайы осындай болса, ауыл мен қаланың жағдайы деңгейлесіп қалған екен. Бұл – қуанышты жағдай.

Е.ОРАЗБАЙ

АЛҒЫС

Ақ халатты абзал жандар

Құрметті оқырман, мен осы өзімнің сүйіп оқитын газетім арқылы басымнан өткен жағдайды жазып отырмын. Мына өмірде қазір жақсы отырмын деп айтуға келмейді екен. Басқа аяқ-астынан ауыр жағдай түседі екен. Адамға сынақ аяқ-астынан басқа келеді екен. Мен қыстай ептеп ауырып жүрдім. Наурыз айының басынан қатты ауыра бастадым, 11 күні ауыл Қарқаралыға аппаратқа жіберді. Аппаратқа түсіріп бірден хирургия бөліміне жатқызыды. Дәрігер Баймұрынов Нұрболат Мақсатұлының бөліміне жатқызыды. Жатқан кезден бастап тексеріп, барлық аппаратқа түсіріп жаны қалмай қарады. Осындай білікті де, білімді де маманның қолына кез болдым.

Үшінші күні қатты ауырып жаттым, содан Нұрболат тез арада ота жасаймын деген шешімге келді. Мен бөріне келістім. Осындай білімді, ақ халатты абзал жан мені қайта өмірге әкелді. Барлығын біткен соң білдім. Маған ауыр операция жасаған екен. Мені әуелі “Алла” одан кейін білімді де білікті маман Нұрболаттың арқасында өмірге қайта келдім. Отбасында бақытты, еңбекте жемісті болып, абыройың арта берсін. Аналық ақ жүрегімізбен мың алғыс. Енді осы хирургия бөліміне рахмет айтып келеді. Нұрболат басқарып отырған хирургия бөлімі өте таза, тыныш, ешбір шү жоқ. Тәртібі өте күшті, тап-таза. Нұрболаттың қол астындағы медбикелер, санитаркалар туған аналарындай жандары қалмай күтті. Жиіркеніш көзбен қарамай, қалымды біліп, минут сайын апа деп күтті. Шірін өмірде өте еңбеккер, жүрек жылуы мол, адамға қамқор, жандар

бар екені көзім жетті. Осы жандарды төл мерекелерімен шын жүректен құттықтаймын!

Осы бөлімшедегі медбикелер: Токенова Нағима Әлібекқызы, Қадырбекова Бибжан Болатқызы, Аңсар Саматқызы мерекелерің құтты болсын! Отбасында бақытты болындар. Еңбекте жемісті болып, Алла абырой берсін! Есіктен кіріп, апа қалыңыз қалай дегенде ауырып тұрсаңда жазылып кетесін.

Енді осы бөлімнен санитаркаларға алғысым шексіз. Жұмыстары ауыр, аяқтарында тыным жоқ, тазалыққа жауап береді. Онымен науқастарды күтеді. Аурухана басшылықтарына құлаққағыс, осындай жандардың еңбегін бағалау керек. Оразбаева Тұрымхан, Нұрдилдина Әсем, Садуақасова Жазира. Операция санитаркасы Рахимова Каиргуль. Тамақ таратушы Жұмаханқызы Жанат.

26 наурыз күні ауруханадан шықты. Сол күні Қарағандыға шығарып салды.

Осындай жаны жайсаңөз жұмыстарына адал еңбек еткен абзал жандарға мың алғыс!

Содан Қарағанды қаласындағы үлкен ауруханаға “Онкологияға” жіберді. Мұндағы білімді, білікті маман Азамат Елубайұлы қарап, қазіргі таңда дәрімді ішіп ем алып жүрмін. Жағдайым жақсарып келеді. Өзімнің бауырым Дәуренбекова Бақытгүл Мәкенқызына алғысым шексіз! Сендерді төл мерекелеріңмен құттықтаймын! Еңбектерің жемісті, бақытты болындар!

Ізгі ниетпен:
Кәстира ДӘУРЕНБЕКҚЫЗЫ

Жақсы Жәкеңнің қазасына – 40 күн

40 күн бір көмейден жыр тынғаны. 40 күн бір жүректің жыртылғаны. 40 күн мен үшін ең қыймас жанның, Өмірі біржолата қырылғаны.

40 күн кейде арысз күліп келем. Хабарласар сен жоқсың біліп келем. Алланың әр ісіне шара бар ма, 40 күн сенсіз өмір сүріп келем.

Жаның жомарт, пейілің кең жан едің. Ұтқыр оймен басқалардан дара едің. Балаларға бәйтерек өке болсаң, Анасына нағыз адал жар едің.

Кеудең толы қазына сарқылмайтын. Бір ауыз сөз дәлелсіз айтылмайтын. Сенің әр кез толғаған терен ойың, Көптен биік өреңді айқындайтын.

Ел мен жерді сүйіп өттің соншалық. Жылына бір келуші едің жол салып. Ал ел жақтан жайсыз хабар естісең, Қалушы едің іштен тына томсарып.

Ескерумен ел мен жердің шалғайын. Шаруа жайын сұраушы едің әрдайым. Шыбын жанмен арпалысып жатсаңда, Өр туыстың ойлап өттің жағдайын.

Іс бастасаң жетесіне жеткіздің, Ақтарған іс, іс емес ед текісіздің. Өміріңнің жартысына жуығын, Ұстаздарға ұстаз болып өткіздің.

Сондықтанда текке өтпеген уақыт. Өр шәкірттің, жетістігі бір бақыт. Саған деген махаббаты солардың, Тұрар әр кез қабіріңе нұр шашып.

51 жыл күйеу болысың табандай. Жан жақты едің, көп нерсеге санаң бай. Кейде ғажал көкрегінді ашқанда, Көрүші едім, күйеу емес ағамдай.

Сынымаыз бәріміз бір Аллаға. Атар өлі талай таң қылданады. Бізден барар бар құрмет, жақсы Жәкем, Артыңнан оқылатын құран ғана.

Бағдат ТҮШКЕНҰЛЫ,
Кайнағаш әрі бауырың

Адалдық пен міндет

Мемлекеттік қызметшінің әдебі мен азаматтық келбеті турасында қоғамда ортақ көзқарас бар екені белгілі. Ең алдымен, мемлекеттік қызметшінің мемлекетке, туған жерге, қоғамға адал қызмет ететін тұлға ретінде айтылады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бұл туралы: «Әділетті Қазақстанды құру үшін әрбір қызметшінің отанышыл, адал болуы және өз ісіне жауапкершілікпен қарауы өте маңызды» деп атап өткен болатын. Яғни, мемлекеттік қызметшінің білімі мен тәжірибесі, кәсібилігі мен даярлығы өз алдына, оның ел мен жерге деген адал сезімі, таза ниеті мен адамгершілігі басты орында болуы керек.

Бүгінде Қарқаралы ауданында 184 мемлекеттік қызметші бар. Олардың әрқайсысының білім-біліктілігі, қызметтік өтілі мен дәрежесі әр түрлі. Дей тұрғанмен, қызметшінің әдебіне қатысты талаптар бөріне ортақ. Бұл тұрғыдан алғанда мемлекеттік органдардағы мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын сақтаудағы мәселелер мен түйткілді сұрақтар әрдайым бақылауда.

Қызметтік әдеп нормаларының сақталуын, сондай-ақ мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Мемлекеттік қызметші – елдің адал перзенті



туралы заңнама мен Әдеп кодексінің сақталуын қамтамасыз ету, мемлекеттік қызметшілер мен азаматтарға кеңес беру – әдеп жөніндегі уәкілдің тікелей міндеті.

Осыған байланысты, арнайы жұмыс жоспары әзірленіп, жыл басынан бекітілген кестеге сәйкес, жұмыстар атқарылып келеді. Ең алдымен, мемлекеттік қызметшілерге консультациялық

шара, кеңес берудің маңыздылығын атап өткен жөн. Жұмыс барысында туындайтын кез-келген мәселе бойынша кеңес беру, заң тұрғысынан дұрыс жол нұсқау басты назарда. Бұл орайда қызметшінің құқығы мен тәртібі, әдебі мен жауапкершілігі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы орнықты көзқарасы мен мүдделер қақтығысы және тағы басқа мәселелер тұрақты түрде

бақыланады.

Сол сияқты мемлекеттік қызметшілердің құқықтарын қарастырғанда, заңда көзделген шектеулер мен тыйымдарды дұрыс әрі үнемі түсіндіріп отыруға мән беріледі. Мереке күндері мемлекеттік қызметшінің қоғам ішінде лайықты жүріс-тұрысы, оң мінез-құлқы, байсалды да салмақты келбеті мемлекеттік қызметтің мәр-

тебесі мен абыройын айқындайтын ұмытпауымыз керек. Өз міндеттерін асыра пайдаланбай, қызметтік көлікті де пайдаланғанда, тиісті нормалардан шығып кетпеу үнемі еске салынады. Міне, осы бағыттарда жыл басынан 5 семинар-кездесу өтіп, тиісті түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Түрлі сұрақтармен 15 жеке қабылдау өткізіліп, қабылдауға келген мемлекеттік қызметшілер мен жеке тұлғаларға заң аясында қажетті кеңес берілді.

Жыл басынан ауданымызда мемлекеттік қызметшілер тарапынан қызметтік әдепті бұзу фактілері анықталған жоқ. Өрине, мемлекеттік қызметшіге жасалатын бақылауды тар шеңбер, аяққа тұсау қойылатын қасаң қағида емес екенін түсіну аса маңызды. Бұл шектеулер ең алдымен еліміздегі мемлекеттік қызметтік мәртебесін өсіруге, халықтың мемлекеттік қызметке сенімін көтеруге, мемлекеттік қызметшінің адамгершілік болмысын айқындауға бағытталғанын қаперде ұстаған жөн.

Кәсібилігіне әдебі сай мемлекеттік қызметші ғана қоғамға пайдалы әрі өнегелі қызмет етеді, мемлекеттік дамуына оң ықпал жасайды. Отанға қалтқысыз қызмет ету – әрбір мемлекеттік қызметшінің басты қағидасы.

Данияр ОМАРОВ,
Әдеп жөніндегі уәкіл

Қарқаралы қаласы Қосыбаев 87/1 көшесінде 5 бөлмелі жер үй сатылады. 1992 жылы салынған, қабырғасы пеноблочный блок, шатыры ауыс-тырылған, сырты облицовочный кірпішпен қалталған. Үй кең, жылы, жарық, құрғақ. Қыста 5-6 тонна көмір кетеді. Тез жылыды. Су үнемі ағып тұрады. Үйдің көлемі-100кв.м. Жері үлкен. Ауласы кең. 16 соток жері бар. Қора-қопсысы, подвалы бар. Туалеті іште де, сыртта да орналасқан. Ванна орнатылған. Бақшада қарақат, малина өседі. Мал өсіруге өте ыңғайлы жер. Бағасы келісім бойынша. Саудасы бар. Отбасы банк арқылы ипотека қарастырылады. Телефон номерлер: 87754984854, 87777909777

Жылдам ақша

Жеке микронесие (пенсионер, жалақы, ИП,КХ), топтық.

50 000 тг-ден – 83 000 000 тг дейін

- Залогпен: 3 000 001 – 83 000 000 тг дейін
- Автокредит: 1 000 000 – 21 000 000 тг дейін
- Залогсыз: 50 000 – 3 000 000 тг дейін

Телефондар бойынша ақпарат/Информация по телефону: 8(72146) 31-2-87.

Еркін 8 771 746 42 40, Назерке 8 771 775 53 74 , Лаура 8 771 721 22 87.

Лицензия №02.21.0008.М от 04.03.2021 г. от АРРФР РК

ХАБАРЛАНДЫРУ

"Тау-Кен Прогресс" ЖШС Прогресс кен орнында (№№1, 2 учаскелер) және өндірістік объектілердің Үстірт кешенінде құрамында алтыны бар кендерді өндіруге арналған тау-кен жұмыстарының жоспарларына қоршаған ортаға ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша ашық жиналыстар нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды. Үчаскенің географиялық координаттары және әсер ету аймағының географиялық координаттары 49° 01' 28,00" С, 76° 32' 31,00" Ш.

Қоғамдық тыңдаулар өткізудің басталу күні, уақыты және орны: 23.07.2024 ж.сағат 11: 00-де Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Томар а. о., Томар а., Мәди к-сі, 16 (№22 мектеп) мекенжайы бойынша, сондай-ақ ZOOM конференциясы арқылы: конференция идентификаторы: 765 0293 8427 қолжетімділік коды: gd6Sprw.

Жоба бойынша құжаттама БЭП-те орналастырылған <https://ecoorportal.kz> және ЖАО сайтында <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/?lang=ru>. "қоғамдық тыңдаулар" бөлімінде.

Ескертулер мен ұсыныстар мына мекенжай бойынша қабылданады: Қарағанды қ., Лобода к-сі, 20, тел 8 (7212) 56-81-66, expertiza.upr_krg@mail.ru, "Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы"ММ.

Қосымша ақпаратты есепті әзірлеушіден алуға болады: "Есо Јег" ЖШС - esojer@mail.ru, Тел.: +7-700-722-43-56.

Жоспарланған қызметтің бастамашысы-"Тау-Кен Прогресс" ЖШС, БСН 140440008838, кәсіпорынның заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Қарағанды қ. а., Қарағанды қ., р. а. Қазыбек би, Молоков көшесі, 112 ғимарат, н.т. 5. email: tk-progress@mail.ru.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Тау-Кен Прогресс» сообщает о проведении общественных слушаний в форме открытых собраний по отчету о возможных воздействиях на окружающую среду к планам горных работ на добычу золотосодержащих руд на месторождении Прогресс (участки №№1, 2) и поверхностного комплекса производственных объектов. Географические координаты участка и географические координаты территории воздействия 49° 01' 28,00" С, 76° 32' 31,00" В.

Дата, время и место начала проведения общественных слушаний: 23.07.2024 г. в 11:00 ч. по адресу: Карагандинская область, Каркаралинский район, Томарский с.о., с.Томар, ул.Мади, 16 (школа №22), а также посредством ZOOM конференции: Идентификатор конференции: 765 0293 8427 Код доступа: gd6Sprw.

Документация по проекту размещена на ЭЭП <https://ecoorportal.kz> и на сайте МИО <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat/?lang=ru>, в разделе «Общественные слушания».

Замечания и предложения принимаются по адресу: г. Караганда, ул. Лобода 20, тел 8 (7212) 56-81-66, expertiza.upr_krg@mail.ru, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области».

Дополнительную информацию можно получить у разработчика отчета: ТОО «Есо Јег» - esojer@mail.ru, Тел.: +7-700-722-43-56.

Инициатор намечаемой деятельности — ТОО «Тау-Кен Прогресс», БИН 140440008838, Юридический адрес предприятия: Республика Казахстан, Карагандинская область, Караганда г.а., г.Караганда, р.а. им. Казыбек Би, улица Молокова, строение 112, н.п. 5. email: tk-progress@mail.ru

Новейшее оборудование

ПРОФЕССИОНАЛЬНАЯ СТИРКА КОВРОВ КРУГЛЫЙ ГОД

ВЫВОЗ/ДОСТАВКА БЕСПЛАТНО

+7 701 332 3507
+7 702 150 4478

@taza_like

Қарқаралы аудандық білім бөлімі мен білім беру қызметкерлері кәсіподақ комитеті және Қарқаралы қаласындағы №44 орта мектеп ұжымы интернатта тәрбиеші көмекшісі Кемелбаев Думанға әкесі **Серік КЕМЕЛБАЙҰЛЫНЫҢ** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтаса отырып көңіл айтады.

Әлкей Марғұланға – 120 жыл



Академик аманатын арқалаған

БИЛ – ҒҰМЫРЫН ҒЫЛЫМҒА АРНАҒАН
ӘДЕБИЕТТАНУШЫ, ӨНЕРТАНУШЫ,
ШЫҒЫСТАНУШЫ, ҚАЗАҚ АРХЕОЛОГИЯСЫНЫҢ
АТАСЫ АТАНҒАН ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАННЫҢ 120
ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫ.

қойғанбыз. Қонақ болды. Палатқада қонған ғалым ағамыз: «Ой, Сағындық, әкем мен шешемнің басына бірінші түнеуім», – деп алды да: «Егер аспирантураға бір жаққа баратын болсаң, маған айтарсың», – деді.

Бір жылдан кейін Ғылым академиясына аспирантураға орын келді. Ебіней Арыстанұлына кіріп, «Бізге орын бөлініпті. Мен баратын болдым», – деп едім, «Жарайды, олай болса екі-үш күннен кейін келсейші», – деді.

Кетер кезде бардым. Қолыма екі конверт ұстатты.

«Біреуін Әлкей Марғұланға тапсырарсың», – деді.

Алматыға барып аспирантураға түстім. Орналасып алғаннан кейін Әлкей Марғұланға тапсырарсың деген бердім. Конвертті ашып қарады да «Жауымбаев Сағындық деген сенбісің?» – деді.

«Иә, мен боламын, аға».

«Ебеке, сені «аспирант қылып ал» депті ғой. Мен быыл аспирант алмаймын деп ойлап едім. Кітаптарым да бар жазылмаған, соларды қолға алуым керек. Аспиранттармен жұмыс істейтін уақытым жоқ менің. Бірақ Ебекең айтқаннан кейін амал жоқ алайын», – деді. Бұл 1976 жыл болатын», – дейді Сағындық Ұбайұлы.

Содан жас Сағындық үш жыл Әлкей Марғұлан аспиранты болады. Бір жылы бірге археологиялық экспедицияға да шығады.

«Ол кісі Атасу қонысында қазба жұмыстарын жүргізіп жатыр екен. Сол қоныста шәкірті Мир Қасымұлы Қадырбаевпен бірге жұмыс істедім», – дейді Сағындық Ұбайұлы.

Содан Сағындық Жауымбаев Қадырбаевпен бірге жұмыс істедім. 10 жылдай қазба жұмыстарына қатысады.

«Үш жыл аспирант болдым», – дедім ғой, сол кезде ол кісі кейде үйіне шақырады. «Сағындық, келіп кет, маған», – деп.

Кешке қарай барамын. Сағат 4-5-те

Тереңкөл көлінің бойында қыдырады.

Маған ақылын айтады. «Сен Петер Фалькті, Георг Ниманды, алғашқы Ресей академиктерін оқы, шырақ», – деп көп кітапты тізіп айтатын.

Соларды оқыдым, білімге қанықтым.

Кешеді жүргенде көптеген ғалымдар, тарихшылар, жазушылар Әлкей ағамызға келіп сұрақ қойып жататын, ол кісі де асықпай түсіндіріп, ақыл айтып, жөн сілтейтін.

«Мынау – Ахмед Сафи деген академик, жас жазушы Ақселеу Сейдімбек деген жігіт» деп таныстырып жататын», – дейді кейіпкеріміз.

1978 жылы Қазақстан Ғылым академиясының Тарих, археология және этнология институтының директоры Ақай Нүсіпбеков Сағындық Ұбайұлын шақырып алып, «Сен Әлкей Марғұлан аспирантысың ба?» деп сұрайды. «Иә», «Онда дайындал, ол кісі Новосібірге іссапармен барады. Еріп жүресің», – дейді.

«Наурыз айында жол жүрдік. Ұшақпен ұштық. Алғаш рет Әлкей ағамыздың құжатын берді. Билет алуға. Құжаттан көрдім. 1904 жылы 11 мамырда туған екен.

КСРО-ның ғылым академиясының Новосібірдегі филиалына бардық.

Академик Алексей Окладников қарсы алды. Ғылым академиясының арнайы қалашығындағы қонақүйге жатқызды. Екі бөлмелі, бір бөлмесіне мен, Әлкей аға екіншісіне орналасты. Кетерінде қызы Дәлел апамыз: «Сағындық, бұл кісіге тек сүт өнімдерін ғана алып бересің» деп тапсырған болатын. Орындауға тырыстым», – дейді әңгімесін жалғастырған Сағындық ағамыз.

Академик пен аспирант бір жеті сол жерде бірге болады. Екінші күні докторлық диссертация қорғау басталады.

«Әлкей аға бірінші оппонент болды. Қорғаудың алдында бүкіл Сібірдің ғалымдарына Окладников: «Это мой давнейший друг. Академик академиялық наука Казахской ССР, лауреат Ленинской премии, лауреат премии Шохана Валиханова» деп Әлкей Марғұланды таныстырды», – дейді Сағындық ағамыз.

Сол жерде Алексей Окладников

Әлкей Марғұланнан он-он бес минут лекция оқуды сұрайды.

«Мінберге шығып, қоңыр дауысымен Енисейдің бойындағы түріктер туралы лекция оқыды. Сақтардан алып келді. Қандай ескерткіштер барын айтып өтті.

Сол уақытта байқадым, Әлкей ағамыз білімдарлығын. Он бес минут емес бір сағат сөйледі. Ешкім қарсы болмады. Ұйып тыңдады», – деді академиктің соңғы аспиранты.

Әлкей ағамыздың соңғы шәкірті Сағындық ағамыз болса, бұл кісінің бір шәкірті Қарқаралыдан Алтын адамды тапқан археолог – Арман Бейсенов.

Сағындық Жауымбаев – біздің жыл санауымызға дейін басталатын қазақ тарихындағы қола дәуірінің мәдениетін үш жүз жылға әр қарай тереңдеткен ғалым. Оның ашқан жаңалығын естіген жапондық белгілі археолог, профессор Мураками Сағындық Ұбайұлын сонау Жапониядан арнайы іздеп келеді. Қарқаралыдағы Кент тауында орналасқан Алат қорымынан Сағындық Жауымбаев тапқан темір балқытатын металлургиялық пешті көрген ол таң-тамаша болыпты. Ерте қола дәуірінің мәдениетіне тән әлгі пеш қазақ жерінде өмір сүрген ежелгі тайпалардың туындысы болса керек.

Сағындық ағамыз осы жаңалығы арқылы тарихта қазақ даласында қорытылған қола – әлемде алғаш балқытылған металдың біріне жататындығын дәлелдеп шыққан.

«Неміс және жапон ғалымдары Мәскеу арқылы мені тауып алып, арнайы іздеп келді. Германияның Бохум қаласында біз тапқан жәдігерлер қойылған үлкен көрме ұйымдастырды. Ол жерге 300-ге тарта экспонаттар алып бардық. Металлургиямен ұзақ жыл айналысқан Жапонияның атақты ғалымы Муракамиен 5 жылға келісімшарт жасадық. Біздің зерттеп жатқанымыз – Кент тауы ішіндегі Алат қонысы. Ол – біздің заманымызға дейінгі XII-VIII ғасырларды қамтитын ежелгі қоныс. Онда 500-600 жылдай адам баласы өмір сүрген. Қоныс 2 мәдени қабаттан тұрады. Төменгі мәдени қабатынан қоланы қорытқан пештердің орны мен тастан жасалған 5-6 пеш табылды», – дейді Сағындық Жауымбаев. Осылайша, атақты академиктің соңғы аспиранты ұстазының бастаған ісін жалғастырып келеді. Ол ұстазы Әлкей Марғұландың еңбектері әлі күнге дейін ғалымдар мен студенттерге азық екенін айтады.

Әдебиет БЕЛГБАЙҰЛЫ

Кие

Қарқаралы ауданында «Кітапханалық өлкетану: мүмкіндіктер аумағы» атты Қарқаралы қаласының 200 жылдық мерейтойына арналған облыстық семинар өтті. Н.В.Гоголь атындағы Қарағанды облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының ұйымдастырумен, Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының қолдауымен өткен семинарға Қарағанды облыстық қалалық және аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесі кітапханашылары қатысты. Халыққа қызмет көрсетуде бірыңғай заманауи кітапханалық-библиографиялық жүйесін қалыптастыру, тиімді инновациялық кәсіби идеяларды тарату және кітапханашылардың кәсіби біліктіліктерін арттыру семинардың басты мақсаты болып табылды.

Жан-жақтан келген кітапханашыларды «Аңыз» би тобының «Шашу» атты биімен кітапхана ғимаратының алдында қарсы алды. Аудандық орталық кітапхана орналасқан ғимарат тарихи орын, себебі, 1870 – 1880 жылдары орыс – көпесі В.П. Рязанцев салдырған. Еңселі үйдің қабырғасында мемориалдық тақтада «Бұл үйде 1913 жылы орыс саяхатшысы, ғалым, этнограф Г.Н. Потанин болған» деп жазылған. Қарқаралы ауданы әкімінің орынбасары Дархан Сәулеханұлы келген кітапханашыларға ісіне сәттілік тілеп, Жас ұрпақтың бойында патриоттық, отансүйгіштік, адамгершілік, еділдік бауырмалдық қасиеттерді

Кітапханалық өлкетану: мүмкіндіктер аумағы



қалыптастыруда кітапхананың маңызы орасан зор екенін атап өтті. Хәкім Абайдың, қазақ өнерінің саңлағы Мәди Бәлиұлының, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының, ақиық ақын Қасым Аманжоловтың образдарымен ортаға шыққан Қарқаралы қаласының өнерлі жастары ірі тұлғалардың ұлы сөздерін көпшілікке жеткізе білді. Қарқаралы орталықтандырылған кітапхана жүйесінің қызметкерлері «Ата қоныс арқадағы шежірелі Қарқаралы» көрме-инсталляциясын көпшілікке таныстырды. Семинардың ресми бөлімі Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының мәдениет және өнер бөлімінің басшысы Өшкеев

Қадыр Төлеуқардыұлының, Н.В.Гоголь атындағы Қарағанды облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының басшысы Шаумұханбетова Айнура Сәкенқызының және Қарқаралы аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Ысқақова Жазира Қапышқызының құттықтау сөздерінен басталды. Жергілікті ақын Руслан Нұрбай «Киелі мекен - Қарқаралым» поэзиялық жыр шауын ұсынды. Семинар барысында жергілікті авторлар С.Оспановтың, М.Кәрімнің, С.Тоғанбековтың «Кент баурайында - 2» және «Қазақстан тарихындағы Қарқаралы архивы» атты кітаптарының тұсауы кесілді. Қарқаралы

өлкесінің тарихымен Қарақаралы ОЖҚ-ның библиографы Қасым Айгерім Еркеқызы «Қарақаралы – жер жәннаты арқадағы» презентациясын таныстырды. Арқаңың кербез сулу мекені – Қарқаралы ең алдымен табиғатымен танымал. Ғажайып сұлулықтың тең ордасы болғанынан бөлек қазақтың шежірелі тарихы да екенін Айгерім Еркеқызы өз сөзінде айта кетті. Қасиетті өлкеде орта жүздің ұлы биі Қаз дауысты Қазыбектің, шертпе күйдің шебері Тәттімбеттің, сері тұлға Мәдидің туғырлы ескерткіштері орнатылған. Ғарышкер Тоқтар Әубәкіров алаңы, т.б. нысандар тарихи нысандар бар. Дауылпаз, ақын Қасым Аманжоловтың туған жеріндегі су ішкен құдығы мен қыстауы мерейтой қарсаңында күрделі жөндеуден өтіп, тарихи ескерткіштер нысанына алынды. Семинарды «Балалар кітапханасы және өлкетану» тақырыбында Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасының кітапханашысы Болатбекова Күміс Ерланқызы жалғастырды. Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған Қарағанды облыстық арнайы кітапханасының басшысы Нурланов Ғалым Адайұлы зағип жандарға арналған техникалар мен құралдарды таныстырды. Семинардың бірінші бөлімінің соңында «Тарихи терең, рухы мықты - Қарқаралы» бейнеролигі ұсынылды. Семинардың екінші бөлімінің басында

Шет ауданының ОЖҚ-ң қызметкерлері Бердібек Соқпақбаевтың «Балалық шаққа саяхат» повесі желісі бойынша театрландырылған қойылымды ұсынды. Семинардың екінші бөлімі «Оқуды ілгерілетудің заманауи тәжірибелері мен технологиялары» тақырыбында шығармашылық шеберханалар жұмыс істеді. Шығармашылық шеберхана 3 бағытты қамтыды «Кітапхана өміріндегі жағдай» бұл жерде кітапханашылар теренинг-ойынына қатысты, «Өлкетану – Digital» тобының қатысушылары цифрланған өлкетану бойынша мәліметтер алды, ал үшінші бағытта «Ертекіш» қуыршақ үйірмесі ұсынған шеберлік сағаты өтті. Семинар соңында ашық микрофон аясында Абай ауданының орталықтандырылған кітапхана жүйесінің ұжымы Қарқаралы қаласының 200 жылдық мерейтойымен құттықтап екі аудан арасындағы, кітапханашылар арасындағы серіктестік үзілмесін дей келе Қарқаралы ОЖҚ-ң директоры Мұқанова Айнаш Түсіпжановаға «Абай ауданының тарихы» атты өлкетану тақырыбындағы кітапты және «Абай ауданының киелі жерлері» атты CD-дискті табыстады. Семинар соңында Қарқаралы қаласындағы Құнанбай мешітіне, күні кеше ғана ашылған Мәди Бәлиұлы атындағы мешітке және Қарқаралы тарихи-өлкетану мұражайына саяхат жасадық. Өрине, тарихи орындардан алған әсеріміз ерекше болды. Қатпар-қатпар тау мен тасы, жасып ормандарымен танымал, шежірелі тарихтан ерекше сыр шертен киелі мекен Қарқаралыға барған сапарымыз сәтті өтті. Бұл семинар кітапханашыларға тәжірибе алмасып кәсіптік білімдерін жаңартуға ықпал етті.

«Қарқаралы ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ

«Қарқаралы» аудандық газетінің редакциясы»
ЖШС Директоры –
Бас редактор
Құрманғазы ӨТЕБАЙ

100800 Қарқаралы қаласы, Ө.Бөкейханов к., 40 үй
Бас редактор – 31-3-50 (факс)
Қабылдау бөлімі – 31-7-84, 8-775-548-35-23
Бухгалтерия – 31-4-56
E-mail: Karqaraly_TOO@mail.ru
Біздің есепшотымыз:
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Қарағанды қаласы,
ИИК KZ326010191000161842,
БИК HNBKZKX БИН 990940002210

Газет жергілікті
«Қарқаралы» газеті
редакциясы баспаханасында
теріліп, беттеліп,
Қарағанды қаласындағы
«Арқо» ЖШС
(Сәтбаев к., 15)
баспаханасында басылды.

Меншік иесі: «Қарқаралы» аудандық газетінің редакциясы»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Құрылтайшысы: Жұмаханова Г.С. Газет Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде
2019 жылдың 19 маусымында N17756-Г куәлікпен тіркелген.
Автордың пікірі редакцияның көзқарасымен сәйкес келе бермейді.

Газет сенбі сайын шығады. Көлемі 2 баспа табақ. Индекс 65626.
Таралымы 2582. Тапсырыс 24